

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы ағылшын тілі пәнінің жылдық есебі

Ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестігінде жеті мұғалім жұмыс жасайды. 2023 жылдың 29 тамыз күні ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестік отырысында оқу ісінің меңгерушісі Ә.Найманбаеваның басшылық етуімен бірлестік жетекшісінің және бірлестік мүшелерінің келісімімен апталық жүктеме бөлінді. Бірлестік отырысында 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысқан соң, бағдарламаға сай күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасалынып, мектеп директорымен бекітілді.

2023 жылдың қыркүйек айының 5-15 күндері аралығында «Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы» тақырыбында онкүндік өтіп, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдердің жаңа технологияларды пайдалануын және оқушылардың білім, білік дағдыларына іске асыру деңгейін анықтау, тілдер мекересін өз деңгейінде өткізу барысында іс – шара жасалынып, мектеп директорының келісімімен бекітілді.

Осы мақсатта төмендегі жұмыстар жүргізілді:

Онкүндікті өз деңгейінде өткізу үшін әр күніне қызықты ойындар мен сайыстар (оқушылар, мұғалімдер арасында) өткізіліп, әлеуметтік желіге салынып отырды. Онкүндіктің ашылуы мектеп ауласында мектеп ұстаздарының қатысуымен, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Таласпаев сөз сөйлеп оқушыларды «Тілдер мерекесімен» құттықтап, өз деңгейінде өтуіне сәттілік тіледі. Оқушылар үш тілде өлеңдер оқып, құттықтауларын жеткізді.

1. «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы бойынша мұғалімдер мен оқушылар арасында үш тілде чөлентж ұйымдастырылды.

2. «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында педагогтердің үздік өлеңдер сайысы болып, Ләйлә Абубакирова II иеленді қатысты.

3. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Л.Абубакирова «Spelling bee» интеллектуалды ойынын қазақ тілі мен орыс тілі пән мұғалімдері арасында ұйымдастырды.

4. Ағылшын тілі мұғалімдері « Wear the hats and speak in English» тақырыбында оқушылар мен мұғалімдерге сұрақ-жауап ойынын ұйымдастырды.

5. «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» мектепшілік үш тілде ғылыми жоба жұмысы (Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына байланысты) 9 «Б» сынып оқушысы Қамбарбек Құлпынай 1 орын алды.

8. «Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің факторы» тақырыбында қорытынды әдеби сазды кеш ұйымдастырылып, аталған жеңімпаздар мадақтамамен марапатталды.

Пән мұғалімдері I және II жарты жылдықтарда ашық сабақтар өткізді. 7-9 сыныптар оқушыларымен Р.Орынова сыныптан тыс іс- шаралар өткізді. Home Alone Beauty and the Beast киноларын көріп түрлі тапсырмалар орындады. Pollyana кітабын оқып ағылшын тілінде түсінік айтып үйренді, сұрақтарға жауап берді.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктері:

1. Орынова Раушан Абдуллақызы «ПЕДСТАРТ» 2-дәрежелі диплом және сертификат. Аудандық пәндік олимпиададан 7-сынып оқушысы Сейт Нұрасыл 3-орын, 9-сынып оқушысы Созақбай Назерке 1-орын. «АҚБОТА» зияткерлік олимпиадасы 6 сынып оқушысы Сабыржан Назерке 2-орын, 8 сынып оқушысы Есенжол Арайлым 3 орын.
2. Жанәділ Феруза аудандық пәндік олимпиададан 7-сынып оқушысы Ешмақ Дина 3-орын
3. Есмұрзаев Ерлан «ПЕДСТАРТ» 3-дәрежелі диплом және сертификат.